



КЕЛІСІЛДІ
«Жол-көлік колледжі» МКҚК
директоры

Г.Ү.Искакова
« 05 » 01 2021ж.

БЕКІТЕМІН
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Х.А.Сарсенов
« 05 » 01 2021ж.

**«Жол – көлік колледжі» МКҚК-ның Қамқоршылық кеңесінің
2021 жылына арналған жұмыс
ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын құру.	Қаңтар, 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
2	Қамқоршылық кеңесінің I мәжілісін өткізу.	Қаңтар, 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
3	Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің бағыттары мен мақсаттарын таныстыру.	Қаңтар	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
4	«Жас маман» жобасы шеңберінде алынған құрал-жабдықтарды мақсатты пайдалануын қадағалау	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
5	Колледжді бітіруші топтардың Диплом қорғау және Диплом беру рәсімдеріне қатысу.	Ақпан, маусым 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
6	Наурыз мерекесін өткізуге арналған іс-шарада әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасылардан шыққан және жетім, жартылай жетім студенттерге көмек көрсету шараларын ұйымдастыру	Наурыз, 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
7	«Тәрбие басы – тал бесік» топ жетекшілер апталығында іс-шараға қатысу.	Сәуір, 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
8	Колледжде дәстүрлі түрде өтетін «Кәсіп үздігі» байқауына қатысу.	Сәуір, 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
9	Қамқоршылық кеңестің II мәжілісін өткізу.	Мамыр, 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
10	Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
11	Колледж базасында «WorldSkills Kazakhstan» ұлттық қалалық чемпионатында «Жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету», «Шанақ жөндеу» күзiреттiлiктерi бойынша өткен байқаудың нәтижесімен танысу.	мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
12	Колледждегі білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына сондай-ақ қорғаншылық(қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруға бөлінген қаржыны	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері

	қадағалау.		
13	Колледжде оқытылатын негізгі мамандықтар мен жұмысшы кәсіптерін таныстыру және жарнамалау мақсатында PR-науқан өткізуге атсалысу.	Мамыр-маусым	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
14	Колледждегі жұмысшы мамандықтары бойынша бітіруші студенттерге арналған WorldSkills тәсілі негізінде практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихандарға қатысу.	Маусым	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
15	Колледж бітіруші түлектерінің жұмысқа орналасуларын бақылап отыру	Маусым-шілде	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
16	Қамқоршылық кеңестің III мәжілісін өткізу.	Қыркүйек, 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
17	Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру мақсатында жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастары - NEET санатындағы жастарды колледжге тарту мәселесіне атсалысу.	Тамыз-қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
18	"Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы аясында студенттерді бүкіл адамзаттың рухани байлығы мен мәдениетін білуге, түсінуге ықпал ететін барлық қалалық, колледжішілік іс-шараларға қатысу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
19	Колледжде "Білім-инновация" лицейлерінің тәжірибесі негізінде колледж бен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын қалыптастыру мақсатында колледжде оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру және жаңартылған білім мазмұнындағы жаңалықтармен бөлісу мақсатында «Ашық іс-шаралар» өткізуді ұйымдастыруға атсалысу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
20	Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
21	Қамқоршылық кеңестің VI мәжілісін өткізу.	Желтоқсан, 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
22	Білім беру ұйымының жұмыс жоспары бойынша 2020-2021 оқу жылының қорытындысы. Жаңа оқу жылында алға қойған мақсаттар мен міндеттер	Желтоқсан, 2021ж.	Білім беру ұйымының басшысы
23	Колледж жатақханасында орналасқан студенттердің тұрмыс жағдайын бақылау.	Желтоқсан, 2021ж.	Білім беру ұйымының басшысы
24	Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушыларға көрсетілген қамқорлық пен көмектерді саралау	Желтоқсан, 2021ж	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері., әлеуметтік педагог

Жол – көлік колледжі
Қамқоршылық кеңесінің кезекті мәжілісі

Хаттама № 1

28. 01.2021ж.

Шымкент

каласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажобекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директоры Г.Ү.Искакова және директор орынбасарлары мен әлеуметтік педагог

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстыру.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы
2. Білім беру ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес, 2020-2021 оқу жылының I жартыжылдығының қорытындысы, 2021 жылы атқарылатын жұмыстардың негізгі бағытымен таныстыру. *Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы*
3. Білім беру ұйымдарында оқу бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында материалдық – техникалық базаны нығайту, жаңа техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету барысын қадағалау.
Жауаптылар: Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
4. Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері колледждің әлеуметтік педагогі
5. Әр түрлі мәселелер.

1. Тындалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері мен білім беру ұйымының тарапынан қатысып отырған колледж басшысы мен педагогикалық кеңес мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Сонымен бірге білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

- білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

- Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізуге;

б) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысуға;

- білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысуға, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып, олармен әңгіме жүргізуге Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі бар екендігі және білім беру ұйымдарының (құрылымдық бөлімшесі) қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттарды ұсынуға ықпал ететініне тоқталып өтті.

3.Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес мүшесі, «Нұр Қуаныш» ЖШС директоры А.А.Даурбеков күн тәртібіндегі келесі мәселе - білім беру ұйымдарында оқу бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында материалдық – техникалық базаны нығайту, жаңа техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету барысын қадағалау мәселесі бойынша колледж директоры Гүлзат Үкібайқызы айтқан мәліметтерді ескере отырып, «Жас маман» жобасы аясында колледжде оқытылатын 2 мамандыққа сәйкес алынған құрал-жабдықтар қажетті орындарға қойылғанын, әр дәрісхана талапқа сай жабдықталып, қайта жаңартылғанын және барлық оқу кабинеттері компьютермен толық жабдықталғанын, заманауи құрал-жабдықтармен жұмыс жасау - студенттерге сапалы білім мен тәжірибелік дағды қалыптастыруда мол мүмкіндік тудыратынын айтып, жоба аясында бөлінген қаржыны тиімді пайдаланып, осындай мүмкіндік туғызып отырған білім беру ұйымының басшысына өз алғысын білдірді.

4.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі келесі мәселе - әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету бойынша колледждің әлеуметтік педагогі Исакова Гүлнара Әбубәкірқызы сөз алып, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздері мен түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес, екінші жарты жылдыққа колледж бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың тізімін жасақтағанын және колледж бойынша көп балалы отбасынан шыққан бала саны- 528, әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасынан шыққан бала саны- 63, оларға күндік ыстық тамақ құны 553,4 тенге болып белгіленгенін, тұл жетім бала саны – 24, олардың кәмілет жасқа толған 11 оқушыға 1 күндік тамақ құны 1383,4 тенге, ал кәмілет жасқа толмаған 13 оқушыға 553,4 тенге тағайындалғанын хабарлады.

Сонымен қатар қамқорлықтағы оқушылардың отбасылық және тұрмыс жағдайлары туралы мәліметтер тыңдалды.









5.Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.

Шешім:


1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Білім беру ұйымының 2021 жылдың I жартыжылдығында атқарған жұмысының есебі оң бағалансын және жақсы деген баға берілсін
3. Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Аргынғазиев Бауыржан Батырғазыұлы 
2. Камбар Жани 
3. Съездұлы Сәкен 
4. Даурбаев Асылбек Абдрахманович 
5. Кабылбекова Сандуғаш Жакыпбековна 
6. Бүркіт Әуезхан Қантөреұлы - 
7. Асанов Ерік Көбеевич 
8. Дабылова Марал Алдабергенқызы 

Мәжіліс төрағасы

Хатшы:

 Х.А.Сарсенов

Г.С.Тажобекова